

Бөкетов Қ.А.

Есімің сенің мәңгілік... [Е.А.Бөкетов атындағы мұражайдың қызметкері Қ.А.Бөкетовпен сұхбат / Сұхбаттасқан Айгүл Жәнібекова] / Қ.А.Бөкетов // Жастар лемі. – 2002. – №10. – 6б.

Евней Арыстанұлы Бөкетов — Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, СССР Жазушылар Одағының мүшесі.

Ұлы ғалым 200-ден астам ғылыми еңбектердің, 9 монографияның және АҚШ, Канада, Австралия, Швеция, Финляндия және тағы да басқа шет елдерде патенттелген 90-нан астам ғылыми жаңалықтардың авторы.

Сонымен қатар Қазақ және орыс тілдерінде көркем жанрда, журналистикада қалам тартып, Қазақстанның ғылым және мәдениет қайраткерлері жайлы естеліктер мен өмірбаяндық повестер жазған. И. Василенконың «Артемка» атты повесін, Э.Зольдің «Әңгімелер мен мақалаларын», У.Шекспирдің «Макбет» пьесасын оқып және тағы да басқа шығармаларды қазақ тіліне аударған...

Иә, кез келген адамға өз артында университет қалдыру бақыты берілмеген. Қаншама жылдар өтсе де, қанша мерейтой тойлағанымызбен біз әрқашан алғашқы ректорымыз — Евней Арыстанұлы Бөкетовтың есімін мәңгі есте сақтаймыз!

ҚарМУ-дің 30-жылдық мерейтойы қарсаңында біз оқырмандарымызға академик Е.А.Бөкетовтың өмірдегі жүріп өткен жолдары туралы бір үзік сырды ұсынғанды жөн көрдік. Осы мақсатпен ғалымның туған інісі, Е.Бөкетов атындағы мұражайдың қызметкері Қамзабай ағаны әңгімеге тарттық.

– Өткен шаққа үңіліп, ғалым ағаның жастық шағынан сыр шертсеңіз...

– Евней 1925 жылы 23-наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданында Бөкет әулетінің үлкен ұлы Арыстанның отбасында дүниеге келді. Балалық шағында өз үйімізде, туған ата-анасының мейірімді құшағында өсті. 4-сыныпқа көшкенде ағамыз Ыбырайдың ұлдары қайтыс болып, Евнейді алып кетіп, бауырына басып тәрбиеледі. Алапат соғыс басталған кезде ол бар болғаны 9-сыныпты аяқтаған өрімдей жас жігіт еді. Содан оқуын тастап, соғыс оты сөнгенше мұғалім болып, ауыл адамдарын білімге баулыды.

– Евней ағаның ғылым жолындағы қадамдары...

– Ол 1945 жылы жоғары оқуға түсу мақсатымен Алматыға аттанды. Филология немесе тарих факультетінің біріне құжат тапсыруды ойлаған болатын. Алматыдағы ағайындардың ақылымен ол ойынан айнып, тау-металлургия факультетіне оқуға түсті. өте үздік оқығандықтан оған Сталин атындағы стипендия тағайындалды. 1950 ж. оқуды аяқтағаннан кейін өзі оқыған институтта аспирантураға қалды. 1954 ж. шілде айында диссертациясын қорғап, аға қызметкер ретінде жұмысқа қабылданды. 1958 ж.

оқу ісі бөлімінің проректоры болып, екі жылдан соң доцент атағын иемденді.

Содан Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, ғұлама ғалым Қ.Сәтбаевтың жолдамасымен Е.Арыстанұлы Қарағандыға келді. Жаңадан ашылған ҒА Химия-металлургия институтын аяғынан тік тұрғызып, оны өркендету мақсатымен 12 жыл ректор қызметін атқарды. Осы аралықта докторлық диссертациясын қорғап, 1967 ж. оған профессор атағы берілді. 1969 ж. КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1970 ж. Қазақ Ғылым Академиясының корреспондент мүшесіне, 1975 ж. толық мүшелікке қабылданды. 1971 ж. КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне кірді. 1972-1980 жж. Қарағанды мемлекеттік университетінде ректор болып қызмет атқарды.

– Е.Бөкетовтың ғылымнан өзге әдебиет, публицистика саласында да өзіндік өшпес ізі бар. Қасиетті Қарағанды қаласына келгеннен кейінгі мерзімді баспасөз бетінде жарияланған мақалаларына тоқталсаңыз...

Евекеңнің Қарағандыға келгеннен кейінгі алғашқы мақаласы 1962 ж. 2 желтоқсанда «Орталық Қазақстан» (бұрынғы «Советтік Қарағанды») газетінде жарияланды. Ол – ғалымның аударуымен жарық көрген атақты орыс ақыны С.Есениннің «Анна Онегина» атты поэмасы. Тағы бір көлемді дүниесі – Қ.Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына байланысты жазылған «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» деген көлемді очеркі. Евекеңнің облыстық, республикалық газет, журналдардың бетінде әртүрлі тақырыптарды қамтыған зерттеу-танымдық бағытта жазылған мақалалары өте көп болғандықтан, барлығын санамалап тізіп шығу мүмкін емес.

Ең соңғы мақаласы ретінде Е.Бөкетов қайта оралмас мәңгілік сапарға аттанардан екі ай алдын жарық көрген «Күдік құртты» атауға болады. Мұны сырқаттанып емханада жатқанда жазған. Әңгімесінің соңғы нүктесін қойғаннан кейін, «кәдеге асса Арыстанов Қабиден (әкем аты-Арыстан, өз атым Ибн-Қабиден) деген жалған атпен жарыққа шығарарсың» – деп газеттің сол кездегі жауапты хатшысы Р.Сүлейменовке жолдаған хаты бойынша бүркеншік атпен жарық көрді.

Сонымен Қатар Евекеңнің көзі тірісінде Маяковский, Васильев, Есенин, Шекспирден аударған туындылары кітапша болып шықты. Кезінде Е.Бөкетовпен үлкен достық қарым-қатынаста болған халқымыздың қадірлі ақсақалы, медицина ғылымдарының докторы, профессор И.Қарақұлов туралы «Атан қомында туған адам» деген кітабы шықты. Жалпы, әдебиетте 80-ге жуық еңбегі қалды...

Сөз соңында айтарым, Е.Бөкетовты аузынан тастамай айтып, жұмысын жалғастырып, оның рухын қастерлеп жүрген Ж.Сәулебекұлына ризамын. Университет одан әрі өркендеп, гүлденіп, көркейе берсін. Е.А.Бөкетовтың атымен аталғандықтан, ондағы әрбір игі бастама, асқақтаған абырой Евекенді кабірінде бір аунатар.